

ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАР
ПЕРСОНАЛИИ
PERSONALITY

ҒТАХР/МРНТИ/IRSTI 03.20

ӘӨЖ/УДК/UDS 32 (574) (092):398.9 (=512.122)

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.89.2.027>

Н.Ө. Конрбаев¹, К.О. Сейтказина², Ж.Н. Қалиев³

¹PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

e-mail: nurjan12.kz@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0003-1284-3403>

²Т.ғ.к, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

e-mail: seitkazina_ko@enu.kz

<https://orcid.org/0000-0003-3057-7161>

³П.ғ.к, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

e-mail: Kaliyev_zhabai@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0002-7469-0396>

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ҚОЛДАНҒАН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Аңдатпа

Мақалада ұлт қайраткері, Алаш партиясы мен Алаш орда үкіметінің төрағасы Әлихан Бөкейханның (1866-1937) өз еңбектерінде қолданған қазақ мақал-мәтелдері тарихи және этнографиялық тұрғыдан қарастырылады. Зерттеу барысында Әлихан Бөкейхан әр түрлі зерттеулерінде қолданған мақал-мәтелдердің құрылымдық, тарихи, тілдік, этнографиялық ерекшеліктерін анықтау. Мақал-мәтелдердің ұлттық танымын бейнелейтін философиялық мазмұны мен құндылықтарын талдау. Қазіргі таңда ел арасында қолданылып жүрген мақал-мәтелдермен салыстыра қарастыру. Зерттеу барысында мақал-мәтелдер тақырыптар бойынша бөлініп, қарастырылды. Мақаланы жазу барысында тарихи, этнографиялық және пән аралық байланыстары, жүйелеу мен тарихнамалық саралау, сипаттамалы-талдамалы әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижесінде Әлихан Бөкейханның өзі жазған әр түрлі еңбектерінде кездесетін мақал-мәтелдер тарихи және этнографиялық тұрғыдан талқыланды. Мақал-мәтелдер сөз тіркесі емес ұлттық ойлаудың коды негізінде қарастырылды. Мақаладағы мақал-мәтелдерден сол кезеңдегі әлеуметтік, қоғамдық және саяси мәселелерді, олардың төңірегіндегі қалыптасқан оқиғаларды білуге болады. Әр мақал белгілі бір себепке байланысты қолданылады. Әрбір мақал мен мәтел адамның ой мен идеясын анық жеткізеді. Мақаладан ғылыми тұрғыда Әлихан Бөкейханның қазақ рухани мұрасына еңбегінің мол екендігі туралы қорытынды жасалды. Әлихан Бөкейхан 160 аса мақал-мәтелді қолданғаны анықталды.

Түйін сөздер: Әлихан Бөкейхан, мақал-мәтел, тарих, этнография, мал шаруашылығы, егін шаруашылығы, дін, оқу-білім, жер мәселесі.

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыру жобасын орындау барысында даярланды (грант BR28713085).

Конрбаев Н. У ¹, Сейтказина К. О ², Калиев Д. Н ³.

¹PhD., Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.
e-mail: nurjan12.kz@mail.ru
<https://orcid.org/0000-0003-1284-3403>

²К.и.н., Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.
e-mail: seitkazina_ko@enu.kz
<https://orcid.org/0000-0003-3057-7161>

³К.п.н., Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.
e-mail: Kaliyev_zhabai@mail.ru
<https://orcid.org/0000-0002-7469-0396>

ПОСЛОВИЦЫ И ПОГОВОРКИ, ИСПОЛЬЗОВАННЫЕ В ТРУДАХ АЛИХАНА БУКЕЙХАНА

Аннотация

В статье рассматриваются казахские пословицы и поговорки, употребляемые национальным деятелем, председателем партии Алаш и правительства Алаш Орда, Алиханом Букейханом (1866–1937), с исторической и этнографической точек зрения. Целью данного исследования является выявление структурных, исторических, языковых и этнографических особенностей пословиц и поговорок, примененных Алиханом Букейханом в его различных трудах. Анализ философского содержания и ценностей пословиц, отражающих национальное сознание. Сравнительный анализ с пословицами, используемыми в настоящее время среди народа. В ходе исследования пословицы были разделены по темам и проанализированы. При написании статьи использовались исторические, этнографические и междисциплинарные связи, а также методы систематизации, историко-аналитического исследования и описательно-аналитические подходы. В ходе исследования пословицы, встречающиеся в различных трудах, написанных Алиханом Букейханом, были рассмотрены с исторической и этнографической точек зрения. Пословицы рассматривались на основе кода национального мышления, а не словосочетания. Из пословиц, приведённых в статье, можно узнать о социальных, общественных и политических проблемах того периода, а также о событиях, сформировавшихся вокруг них. Каждая пословица употребляется в связи с определённой причиной или контекстом. Каждая пословица чётко выражает мысли и идеи личности. В статье сделан научный вывод о том, что Алихан Букейхана внёс значительный вклад в казахское духовное наследие. Алихан Букейхана использовал более 160 пословиц и поговорок.

Ключевые слова: Алихан Букейхан, пословица, история, этнография, животноводство, земледелие, религия, обучение-образование, земельный вопрос.

Благодарности. Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (грант BR28713085).

Nurzhan Konrbayev ¹, Kuralay Seitkazina ², Jabay Kaliyev ³.

¹PhD., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan,
e-mail: nurjan12.kz@mail.ru
<https://orcid.org/0000-0003-1284-3403>

²Candidate of Historical Sciences,
²L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
e-mail: seitkazina_ko@enu.kz
<https://orcid.org/0000-0003-3057-7161>

³Candidate of Pedagogical Sciences,
³L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
e-mail: Kaliyev_zhabai@mail.ru
<https://orcid.org/0000-0002-7469-0396>

PROVERBS AND SAYINGS USED IN THE WORKS OF ALIKHAN BOKEIKHAN

Abstract

The article examines Kazakh proverbs and sayings used by the national figure, chairman of the Alash Party and the Alash Orda government, Alihan Bokeikhan (1866–1937), from a historical and ethnographic perspective. The aim of this study is to identify the structural, historical, linguistic, and ethnographic features of the proverbs and sayings used by Alihan Bokeikhan in his various works. Analysis of the Philosophical Content and Values of Proverbs Reflecting National Consciousness. Comparative Analysis with Proverbs Currently Used Among the People. During the study, proverbs were categorized and analyzed according to their themes. While writing the article, historical, ethnographic, and interdisciplinary connections were utilized, along with methods of systematization, historiographical analysis, and descriptive-analytical approaches. The study analyzed the proverbs found in various works written by Alikhan Bokeikhan from historical and ethnographic perspectives. Proverbs were considered on the basis of a code of national thinking, not a phrase. The proverbs cited in the article allow for an understanding of the social, societal, and political issues of the period, along with the events that shaped and surrounded them. Each proverb is employed in relation to a particular context or underlying reason. Each proverb distinctly expresses an individual's thoughts and ideas. From a scholarly perspective, the article concludes that Alikhan Bokeikhan made a substantial contribution to the Kazakh spiritual heritage. Alikhan Bokeikhan used more than 160 proverbs and sayings.

Keywords: Alikhan Bukeikhan, the proverb, history, ethnography, animal husbandry, agriculture, religion, education-education, land issue.

Acknowledgements. *This research was funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No. BR28713085).*

Кіріспе

Әлихан Бөкейхан қазақ халқының тарихын, шығу тегін, этнографиясын, фольклорын, әдет-ғұрпын, шаруашылық түрлерін, салт-дәстүрін жан-жақты ғылыми түрде зерттеген тұлға. Әлихан Бөкейхан ұлттың жоғын жоқтап, барын түгендеп, бірнеше ғылыми зерттеу мақалалар жазды. Әрбір жазған мақалалары мен ғылыми еңбектері түсініктірек болуы үшін оған қазақтың мақал-мәтелдерін қосып, тұздықтап отырды. Бұл мақал-мәтелдер мақаланың ішіндегі әрбір ойды нақты, әрі дәл жеткізді. Мақал-мәтелдерден сол кездегі әлеуметтік, қоғамдық және саяси мәселелерді білуге болады. Мақаладағы мақал-мәтелдер сол кезеңдегі халық тұрмысының барлық саласын қамтыды. Әлихан Бөкейхан бірнеше мақалаларына мақал-мәтелдерді тақырып етіп қолданды. Мысалы: «Сусағанның түсіне су кіреді», «Аңқау елге

арамза молла (молда)», «Ештен кеш жақсы» сияқты. Бұл жақсы тақырып жарты мақала дегенді аңғартады. Тақырыптың өзі мақаланың ішіндегі ойды белгілі бір мөлшерде оқырманға жеткізіп тұр. Әлихан Бөкейханның мақалалары мен жазған хаттарын, ғылыми жұмыстарын хронологиялық тұрғыдан саралау барысында, біз қарастырған мақал-мәтелдерді 1889-1927 жылдар аралығында жазған еңбектерінде пайдаланған. Әлихан Бөкейхан мақал-мәтелдерді сол кезеңдегі қазақ даласына таралған мерзімді басылымдарға тұрақты түрде жариялаған әрбір еңбегінің ішіне қосып, тұздықтап отырған. Әлихан Бөкейхан дереккөзі ретінде қарастырған басылымдар: «Дала уәлаяты» газеті, «Семипалатинский листокъ», «Голось степи», «Сибирские вопросы», «Қазақ», «Жас азамат», «Абай», «Ақ жол», «Қызыл Қазақстан», «Темірқазық», «Жас қазақ», «Жаңа мектеп», «Еңбекші қазақ» және «Күншығыс» баспасы. Қазақтың мақал-мәтелдері халықтың қазанында әбден қайнап, сұрыпталып, талай аузы дуалы би-шешендердің илеуінен өтіп, атадан балаға мирас болып үзілмей жетуде. Мақал-мәтелдер тұтастай алғанда халық философиясының ұлттық ойлау категориясының көрсеткіші секілді. Әлихан Бөкейхан қазақ халқының мақал-мәтелдерімен қоса орыс, грек, француз халықтарының нақыл сөздерін пайдалана білген. Қазақ мақал-мәтелдері айтылуы жағынан қысқа да нұсқа, мағыналық тұрғысынан терең ой синтезі. Енді мақал-мәтелдің зерттелуі мен мағынасына қатысты қысқаша тоқталсақ. Паремиялогия – мақал-мәтелдерді зерттейтін ғылым. Грек тіліндегі паремия сөзі нақыл, тәмсіл деген мағына береді. Мақалдар, негізінен, екі бөлімді болып келеді де, алдыңғысында іс-әрекеттің шарты мен жағдайы айтылып, соңынан сол пікірді түйіндеп қорытындылайды [1, 104 б.]. Жалпы, біз осында жазылған мақал-мәтелдің барлығына түгелдей түсініктеме жаза аламаймыз. Егер оны жазатын болсақ, бұл мақала емес монографияға айналып кетеді. Сондықтан, біз қажетті-қажетті дегендеріне ғана тоқталып, мақал-мәтелдердің өзін беріп отырмыз. Осы мақалада ескеретін тағы бір мәселе - біз мақал-мәтелді түп нұсқа негізінде беріп отырмыз, алайда, кейбір мақал-мәтелдер қалыптан аз-кем өзгешілігі бар.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында алға қойған мәселені жан-жақты ашу үшін қазақ тарихы мен этнографиясына қатысты осы заманғы зерттеу әдістері қолданылды. Әлихан Бөкейхан өз еңбектерінде мақал-мәтелді кеңінен қолданған ғалым. Мақал-мәтелдердің мәнін ашуда пәнаралық зерттеу әдістері кеңінен пайдаланылды. Тақырыптағы тарих, мал шаруашылығы, егін шаруашылығы, дін мәселесі, оқу-білім мен тәрбиеге қатысты мақал-мәтелдері салыстыра отырып зерттелді. Мақаланы жазу барысында бірінші кезекте жинақтау, анықтау, салыстырмалы салыстыру әдістері қолданылды. Әлихан Бөкейхан қолданған мақал-мәтелдерді тарихи және этнографиялық тұрғыдан мазмұнына қарап, шартты түрде болса да, бірнеше тақырыптарға бөліп, қарадық. Сондай-ақ, ел өмірін сипаттаған қалпына қарай, сөздік құрамына байланысты, бұл мақал-мәтелдерді қай еңбектерінде пайдаланғанын аңғару қиын емес. Әлихан Бөкейхан өз еңбектерінде шамамен 160-қа жуық мақал-мәтел пайдаланған екен. Әр мақал-мәтел жазылған еңбекке қарай әртүрлі болып келеді. Әлихан Бөкейханның қолданған мақал-мәтелдерді түрлеріне, сипаттарына, қолданылу негізіне қарай бірнеше топқа бөліп қарастырдық. Олар: *тарих, фольклор мен әдеби сын, оқу-білім, тәрбие, діни тақырып, әйел теңдігі, құн төлеу мен ұры тыю, егін шаруашылығы, мал шаруашылығы, аударма мен тәржіме, мақала жазу, газетке жазылу, алым салыққа байланысты, саяси мәселе, билікке қатысты, депутат сайлау, соғыс туралы, жеке тұлғаларға қатысты, көмек пен жәрдем жыю, отырықшылыққа байланысты, сыртқы хабарлар, ескі салтқа байланысты, данос (арыз) жазуға байланысты, мәдениет турасында, шаруаның есебі турасында және Әлихан Бөкейхан жазған хаттарға, жауап хаттарында кездесетін* мақал-мәтелдер.

Нәтижелері

Зерттеу нәтижесінде Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі мақал-мәтелдердің қолданылу аясы, мазмұндық сипаты біршама талданды. Зерттеу тақырыбымызға өзек болып отырған Әлихан Бөкейхан еңбектерінде қолданған мақал-мәтелдер қазақ тұрмысының бірнеше сала-

ларын қамтыған. Көтерілген мәселелер мазмұнын толық ашу мақсатымен бірнеше тақырып-тарға бөліп қарастырылды. Әрбір мақал-мәтелдер ғалымның тарихқа қатысты еңбектерінде, саяси пікірлерінде, публицистикасында, этнофольклорлық еңбектерінде, аудармалар мен некролог, жеке тұлғаларға жазған хаттарында, Күншығыс баспасында шығарған ғылыми мұраларында тұрақты кездеседі. Біз жоғарда мақал-мәтелдерді бірнеше бағытқа бөлген болатынбыз. Бұл мақал-мәтелдердің түрлі тақырыптарда кездесетіндігінде. Әлихан Бөкейхан осы мақал-мәтелдерді қарапайым сөз тіркесі емес ұлттық ойлау жүйесінің коды негізінде пайдаланды. Академик Ш. Құрманбайұлы «Ә. Бөкейхан ұлт мәдениетінен нәр алған, халқының әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілігімен жақсы таныс, ана тілін жетік білетін оқымысты әрі саясаткер ретінде негізінен қазақ мақал-мәтелдерін көп пайдаланған. Алаш білімпазы шығармаларында кездесетін барлық мақал-мәтелдің үштен екісінен астамының қазақтікі болуы соның айқын көрінісі. ... Қажетіне қарай орыс мақал-мәтелдерін де еркін қолданып, қазақ тіліне де ұтымды аударып беріп отырды [2, 60 б.]. Демек, Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі мақал-мәтелдер тек фольклор емес, ұлттық сана мен саяси ойды қалыптастырушы құрал қызметін атқарды.

Талқылау

Қазақ халқының мақал-мәтелдерінің жиналуы мен жарыққа шығуына аз-кем тоқталсақ. Тарихшы Д. Махат: «Қазақтың мақал-мәтелдері XIX ғасырдың екінші жартысынан бері қарай ел арасынан жиналып, басылып келеді. Қазақ мақалдарын алғаш рет Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Ә. Диваев, М. Ж. Көпеев, және орыс ғалымдары А. А. Васильев, Ф. Плотников, П. А. Мелиоранский, В. В. Катаринский, В. Радлов және басқа да ғалымдар жинап, халық ауыз әдебиеті жәдігерлерімен бірге баспаға ұсынды. Мақал-мәтелдер қазақ тілінде 1915 жылы алғаш рет Қазан қаласында, 1923 жылы Мәскеуде «Мың бір мақал», 1927 жылы Ташкентте «Қазақ мақалдары» (Құрастырушы А. Диваев), 1935 жылы Алматыда «Қазақтың мақалдары мен мәтелдері» (Ө. Тұрманжанов) жарық көрді» [3, 192-193 бб.] Бұл жерде қазақ мақал-мәтелдерінің XIX ғасырдан бастап екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі кезеңдегі ірілі-ұсақты еңбектердің жарыққа шығуын келтіреді. Аталған еңбектер ерте жинақталып, басылып шыққандығымен құнды. Қазақ халқының ауыз әдебиеті мен мақал-мәтелдерін жинастырушы Б. Адамбаев: «Қазақтың мақалдары мен мәтелдері сан ғасырлық халық тәжірибесінің жиынтығы, ақыл-ойының қорытындысы және қоғамдағы дау-талап мәселесін реттейтін заңы, кодексі, бір сөзбен айтқанда қазақ өмірінің, санасының айнасы, шежіресі» [4, 27 б.] дейді. Яғни, мақал-мәтел қазақтың сөзімен айтқанда тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні. 1915 жылы «Қазақ» газетіне Ахмет Баржақсин «Мақалдар» атты мақала жазады. Сол мақалада: «Мақалды жинаушылар көбінесе татар бауырларымыз һәм орыстар. Орыстар халықтың заңын, ғадеттерін білмегендіктен анда-санда бір тиіп, жөнді жинай алмайды. Сібірде, қазақ ортасындағы музей жағрафия жамиятында Омбыдағы члендерден Әлихан Бөкейхановтан басқа ешкім жоқ. Сол себептен біздің қазақ халық әдебиетінде тіпті жарлы деп айтуға мүмкін» [5, 4 б.] Бұған қарағанда мақал-мәтелдер халықтың өзімен бірге туып, бірге жасап келе жатқан секілді. Мақал-мәтелдер өмір сүріп отырған ортамыздан бір елі ажыраған емес. Қазіргі таңда Әлихан Бөкейхан айтқан нақыл сөздер халық арасына тарап, мақал-мәтелге айналып кетті десек болады. Бізден басқа да бауырлас түркі тектес халықтар мақал мен мәтелді былайша атайды: өзбекше – мақол, қырғызша – мақал мен мәтелдер, татарша – мәкаль һәм әйтем, әзірбайжанша – аталар сөзі, ұйғырша – мақал вә тәмсил, түркіменше – нақылдар ве аталар сөзи, алтайлықтарша – кеп ле укаа сөстер. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі атты энциклопедиялық еңбекте мақал-мәтелге қатысты: «Мақал-мәтел – мазмұны жағынан нұсқа, көлемі жағынан қысқа халық шығармашылығының ежелден бергі бір саласы, халық даналығының паремиологиялық қағидалар жүйесі. Мақал-мәтелдер – халықтың өзімен бірге жасасып, бабадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа қалдырып келе жатқан асыл мұрасы. Мақал-мәтелдер қоғамдық өмірдің, жеке адам өмірінің сан-саласына байланысты

болып келеді. Онда сөз болмайтын өмірдің саласы жоқ. Ел өмірінде кездесетін үлкенді-кішілі оқиғалардың баршасына мақал-мәтелдердің беретін лайықты өз жауабы бар» [6, 261 б.]

Жеке Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі мақал-мәтелдерге қатысты бірнеше еңбектер жарық көрген болатын. Біріншісі, Академик Ш. Құрманбайұлы мен Г.Р. Әлімбек «Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі мақал-мәтел қолданысы» атты ғылыми мақаласы. Мұнда екі ғалым «Зерттеу барысында алаш білімпазының шығармаларында 150 ден астам мақал-мәтел қолданылғаны анықталды. Олардың жүзден астамы қазақ мақал-мәтелі болса, 30 жуығы (28) орыс халқынікі, ал қалған оны француз, грек, украин мақал-мәтелдері» [2, 43 б.]. Сонымен қатар, осы мақалада қай мақал-мәтел қандай еңбекте қолданылғаны кестемен беріледі. Әлихан Бөкейханның орыс мақал-мәтелдерін қалай қолданғаны және оларды да кестемен көрсетеді. Жалпы, бұл еңбек Әлихан Бөкейханның мақал-мәтелге қатысты еңбектерінің ішіндегі ең маңыздысы. Екінші, С.Б. Жұмағұл, А.Б. Шалғынбекова, А.Б. Жұмағұлдың «Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі мақал-мәтелдер: этно-социофольклортану аспектісіндегі талдау» атты мақаласы. Бұл мақалада мақал-мәтелдер көбіне тілдік тұрғыдан салыстыра отырып зерттелген. «Түйіп айтқанда, сан қатпарлы іргелі еңбектерінде жүз елуден астам мақал-мәтел қолданған Әлихан Бөкейхан шығармаларының, тілінің жиілік сөздігін қарастыру филологтар қолға алатын келелі міндеттердің бірі деп білеміз» [7, 196 б.] дейді. Ал, С. Жұмағұл. Ал, Д.Қамзабекұлының «Алаш зиялылары қолданған мақал-мәтелдер» еңбегі. Мақалада Д.Қамзабекұлы толық Әлихан Бөкейхан қолданған мақал-мәтелдерге тоқталмаған, бірнеше алаш зиялыларының еңбектеріндегі деп қарастырғын. Бірақ, бұл еңбекте де Әлихан Бөкейханның мақал-мәтелдері жан-жақты талданады. Бұл үш еңбекте Әлихан Бөкейхан қолданған мақал-мәтелді көбіне әдеби, тілдік тұрғыдан қарастырғанын көреміз. Аталған үш мақала да Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі алғашқы мақал-мәтелдерге қатысты көлемді зерттеу.

Тарихқа қатысты: Әлихан Бөкейхан қазақ тарихына, қазақтың шығу тегіне байланысты өте көлемді бірнеше сериялық мақалалар мен үлкен еңбектер жазған. Жерге қатысты жазса да, егінге қатысты жазса да түпкі мәнінде осы жердің тарихи иесі біз екенімізді естіртеді. 1910 жылы жазған «Қазахи» атты тарихи шолу еңбегінде орыс пен қазақ халқының арасындағы бірнеше жайттарды мақал-мәтелдермен салыстырады. Қазақ халқы айтады: «*Орыстан досың болса, қойныңда балтаң болсын*», «*орыс нан жесе, ақша алады*», «*қазақ түлеген түйе, орыс – бұта*», «*Орыс келді! Орыс келді! Қасқыр келді! Қасқыр келді!*» [8, 577-600 бб.] деп жазады. Бұл мақал-мәтелдер сол кезеңдегі отарлау, саяси қысым, жер мәселесі сияқты замандардағы сенімсіздік пен қорқыныштан шыққан. Бұлардың барлығы мақал болмауы мүмкін, бірақ мәтелге келетіні айдан анық. Әлихан Бөкейхан 1913 жылы «Қазақ» газеті жарыққа шыға салысымен «Қазақтың тарихы, сөз басы» деген қазақ тарихына қатысты сериялық мақалалар басады. Осы мақалаларда мына мақал-мәтелдерді келтіреді. «*Не ексең – соны орасың*», «*құдай не жазса – соны көреміз*», «*қазақ пен ноғайдың түбі бір*», «*өзбек өз ағам*», «*Алаш, Алаш болғанда, Алаш хан болғанда*», «*Жеті атасын білмеген – мертід (мәңгірт) болуы мүмкін – Н.Қ.*». «*Сөйлер сөздің түбі бір – түп атасы Майқы би*» [9, 2-3 бб.] Алғашқы екі мақалдағы еңбек пен іс-әрекетке жауапкершілік, екінші мақалдағы тағдырға мойынсұну ойлары берілген. Осындағы «*қазақ пен ноғайдың түбі бір*» сөзі тарихи, мәдени және этникалық жағынан тамырлас, туыстас екенін білдіретін халықтық ұғым екені белгілі. Алашқа қатысты мақал бұл қазақ халқының көне атауы, ұлтты білдіреді. Алаш болса, ел бірлікте болар еді. Ал, Алаш хан болғанда әділдік пен тәртіп орнар еді дегенге саяды. Әлихан Бөкейхан бір тақырыпқа осынша мақал-мәтелдерді қолдануына қарағанда нағыз ауыз әдебиет үлгісінің шебері екендігіне көз жеткіземіз. 1922 жылы «Қызыл Қазақстан» журналына тарихты жазуға байланысты «Тарих керек» деген мақала басады. Онда «*Кең киім азбас, кеңесті ел азбас*» деген мақал – ақылдасып, бірлікпен іс қылған ел адаспайды, кеңдік – тек киімге емес, мінезге, ойға, пейілге қатысты. Ақылдасып әрекет жасайтын халық әрқашан дұрыс жол табады. «*Халық ұйғарса – хан түйесін сояды*» деген мақал – елдің күші мен бірлігі биліктен де жоғары. Яғни, халық

билігінің, бірліктің маңызын көрсетеді [10, 6-10 бб.] дейді. Әлихан Бөкейхан екі мақалда хан мен халық үлкен жауапты мәселені кеңесіп шешуді айтып отырған секілді. Өзінің бірнеше мақалалары мен еңбектерінде қазақ тарихын, шежіресін, өткенін бір ауыз сөзбен болса да жазып отырады. Бұл өз ұлтын шексіз сүйетіндігін білдіреді.

Мал шаруашылығына қатысты: «Общий очерк Омского уезда» (Скотоводческо-кочевой быт и изменения в нем) атты мал шаруашылығына қатысты еңбегінде мына мақалдарды қолданады: *«Көше берсең мал семіз, көшпесең – қатын семіз»* [11] дейді. *«Көше берсең мал семіз»* – малды жайылымға жиі ауыстырып, жаңа жерлерге көшсе, мал семіз болады. Ал, *«Көшпесең – қатын семіз»* - егер көшпей отырса, мал арып, үйдегі адам жайлы тұрмысқа бейімделіп, семіреді деген сөз. Әлихан Бөкейхан 1902-1903 жылдары Сібір темір жолы бойын экономикалық және қазақтардың мал шаруашылығы жағдайын зерттеген С.П. Швецов бастаған экспедицияға қатысады. Экспедиция материалдарының негізінде Әлихан Бөкейхан «Овцеводство в Степном крае» және «Скотоводство крупный рогатый скот» еңбектерін жариялаған болатын. Осы мал шаруашылығын талдау еңбегінде: *«Мыңның басы бол»*, жүз қойы бар шаруа *«ханға сәлем бермейді»*, *«мал соя білмеген – адам емес»*, *«құдайдың өзі оңғарар»*, *«майды қасқырдай жейді»*, *«жаяу қойшы – жатқан қойшы»*, *«өгізді қойшы – өлген қойшы»*, *«түйелі қойшы – тұрған қойшы»*, *«атты қойшы – ашуы қатты қойшы»*, *«алдыңнан жел болғаниша, артыңнан жау болсын»*, *«әр айдың оты бөлек»* [12] деген мақал-мәтелдерді пайдаланады. Осындағы жүз қойы бар шаруа *«ханға сәлем бермейді»* бұл мақалдың мәні – адамның өзіне жеткілікті дүниесі болса, ол ешкімге тәуелді болмайды. Ал, *«жаяу қойшы – жатқан қойшы»*, *«өгізді қойшы – өлген қойшы»*, *«түйелі қойшы – тұрған қойшы»*, *«атты қойшы – ашуы қатты қойшы»* бұл – қой соңындағы қойшының астындағы (мініп жүрген) көлік-тіршілігіне қарай мінезі мен ісінің өзгеретінін астарлап айтқан әзіл-шыны аралас сөз. Осы бір еңбегінде Әлихан Бөкейхан қазақ халқының бірнеше мақал-мәтелдерін осы еңбекте керемет пайдалана білген. Мұнда малға байланысты және малды бағатын қойшының бірнеше қырын мақалға келтіріп отыр.

Егін шаруашылығына қатысты: Әлихан Бөкейхан егін шаруашылығына қатысты бірнеше мақалалар мен ғылыми еңбектер жаза білген. Егін шаруашылығы тек Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде ғана емес басқа да аумақтарда болды дегенді нақты ғылыми еңбектермен дәлелдейді. 1889 жылы «Дала уәлаяты» газетінде «Қарқаралы оязының Тоқырауын болысы, Қотан-бұлақ, Западни Балқаш елдеріндегі егіннің жайы» [13] атты мақала жазады. Осы мақалада ғалым мына мақал-мәтелдерді қолданады: *«Құдайдың басқа салғанына кім көнбейді!»*, *«Құдайға сеніңдер – Құдай деген қор қылмас»*, *«сақтансаң сақтармын!»*, *«ағаштың суды сақтап, судың ағашты сақтайтынын білмейді»*, *«Суға түскен инедей жоғалады»*, *«сиырға жезді ер-тоқым жараса ма?!»*. Осы мақалдардың ішіндегі *«ағаштың суды сақтап, судың ағашты сақтайтынын білмейді»*. Бұл табиғатты, қоғамдағы өзара тәуелділік пен үйлесімділікті меңзеп отыр. Ағаш суды сақтайды – тамырымен жерді бекітеді, ылғалды ұстап қалады, жер асты су көздерінің тартылып кетпеуіне ықпал етеді. Ал, су ағашты сақтайды – өсімдікті қоректендіреді, өсуіне жағдай жасайды. Дәл осы мақалада қыр қазағының жылқысы қалаға ұрланып келсе, *«Суға түскен инедей жоғалады»* деп өз қынжылысын білдіреді. Бұл мақал-мәтелдердің барлығы мақалаға тұздық болып отыр. «Көшпелі һәм отырықшы нормасы» атты мақаласында жерге орналастыру бойынша: *«Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмас»* деген. Яғни, ел мен жердің жағдайын түсінетін адамға барлығын дайындап беру артық. Егін шаруашылығы мен жерге қатысты Л. Толстойдың *«Бір адамға қанша жер керек»* атты аударма еңбегінде осы мақалды пайдаланады.

Дін мәселесіне қатысты: Әлихан Бөкейхан дін мәселесіне қатысты бірнеше мақала жазған. Алаш партиясының бағдарламасында «Дін ісі мемлекет ісінен айырулы (бөлек – Н.Қ.) болуы. Дін біткенге тең құқық деп жазды. «Қ. Оязындағы моллалардың баяны» атты қазақ жеріндегі молдалардың біліміне қатысты еңбегінде, *«жақсыға ерсең, жетесің мұратқа»*,

жаманға ерсең – қаласың ұятқа» деп жазады. Бұл мақал жеке тұлғаның кіммен араласатыны, кімге еліктеп өсетіні оның өмір жолына тікелей әсер ететінін білдіреді. Жастарды жақсы ортаға қосылуға, жақсымен дос болуға шақырады. *«Аңқау елге арамза молла»* атты мақаласында, дәл осы мақала тақырыбын *«Аңқау елге арамза молла»* қазақтың ас беру салтына байланысты қолданады. Бұл мақал сауаты төмен, аңғал, тез сенгіш адамдарды айлакер, қу кісілер оңай алдайды. Яғни, қоғамда сауатсыздық пен аңғалдық болса, оны пайдаланатын арам пиғылды адамдар да табылады. *«Қазақта мүфтилік мәселесі»* атты еңбегінде, *«Атым өлсе сауыры мұра, ағам өлсе жеңгем мұра»* мақалын пайдаланады. Бұл мақал ертеректе қалыпты жағдай болатын. Әдет-ғұрып бойынша, дүние-мүлік те, жесір әйел де әулет ішінде қалған. Бұл қазақ қоғамындағы туыстық жауапкершілік пен әулет бірлігі көрсетіледі. Әлихан Бөкейхан *«Мұсылман съезі»* атты көлемді мақаласында мына мақал-мәтелдерді қолданады [14]. Әлихан Бөкейхан *«Мұсылман съезі»* туралы жалпы 10-нан аса мақала жазған болатын. *«Ат сыры иесіне белгілі»*, *«мысықтан мықты хайуан жоқ»*, *«Алыс пен жақынды жортқан біледі, ащы мен тұщыны татқан біледі»*. Бұл мақалдар Мемлекеттік думаның *«Мұсылман фракциясында»* қызмет істеп жүрген кезінде жазылған. Осындағы *«Ат сыры иесіне белгілі»* мақалы әр нәрсенің ішкі сырын, жақсы-жаманын сол нәрсеге жақын жүрген көбірек біледі. *«Алыс пен жақынды жортқан біледі, ащы мен тұщыны татқан біледі»* мұнда көпті көрген, көп жүрген адам дүниенің кеңдігін, өмірдің жақсысы мен жаманын, қуанышы мен қиындығын басынан өткерген тұлға жақсы біледі.

Оқу-білім мен тәрбиеге қатысты: *«Ашық хат»* мақаласында мына екі мақалды қолданады: *«Көпті көрген білер, алысты жүрген білер»* бұл жоғарыдағы мақалдың сәл түрленген нұсқасы, *«көкіректе сайрап тұр, тілді құдай байлап тұр»* дейді. Меніңше, осы сөздің мәні – адамның ішінде айтар ойы бар, бәрін көріп тұр, бірақ оны айтуға мүмкіндігі немесе батылы жетпей тұр. *«Екі съезд»* атты мұғалімдерге қатысты еңбегінде *«іс ұстадан қорқады»* атты мақалды қолданады. Газетке мақала жазу, оны баспадан шығаруға қатысты мына мақал-мәтелдерді сөз арасына қосады: *«тәңірі асыраған тоқтыны бәрі (бөрі болуы мүмкін – Н.Қ.) жемес»* - қазақтың тағдыры мен тәуекелге қатысты айтылатын мақал-мәтелі. Алла сақтаған жанға қауіп төнбейді. Одан кейін мына екі мақалды пайдаланады. *«Тәңірден соңғы күшті халық қой»* - бұл ел бірлігі мен достығы, кез-келген қиындыққа қарсы тұра алатын күш. *«Күштіге сыйынсаң құдайға сыйын»* дейді. Бұл адам қызметінде, ортада күштіге бағынса да, соңында құдайдың дегеніне бағынып, соған сыйынады. *«Қазақ»* газетіне *«Ашық хат»* атты мақала жазады, онда *«Керуенге ермек едің – көшіп бақ»*, *«Қуандым түнде жүріп күн шығар деп, болса да бұлт бүркеу жел қуар деп»* баспасөзге мақала жазатын азаматтар бармысың деп, алаш жұртына хабарландыру береді. *«Қуандым түнде жүріп күн шығар деп»* - мәні қиындық пен қараңғылықта үмітпен күту, жақсылықтың келетініне сену. Яғни, мұнан аңғарғанымыз бостандық, азаттық, тәуелсіздік пен дербестіктің таңы атады дегенді айтса керек. *«Білім күші»* атты мақаласында қазақ халқы *«Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?»* – дейді. Бұл адам қиялы мен ойының шексіздігі. 1923 жылы Ташкенттен шығатын *«Ақ жол»* газетіне *«Студенттерге жәрдем керек»* атты мақала жазады. Осы еңбекте қазақ-қырғыз *«ырыс қашса да туыс қоймайды»* деген мәтелді келтіреді. Бұл меніңше екі халықтың қолындағы байлығынан айырылса да, бірін-бірі тастамайды дегенге саятын секілді. Ал, *«Жаңа мектеп»* журналына *«Оқытушыларға сенеміз»* атты мақала басады, сонда *«апасына да барады, таяққа да үйретеді»* дейді. Әлихан Бөкейхан *«Еңбекші қазақ»* газетінде оқу-білімге қатысты *«Оқу майданында шабандық бар»* атты мақала жазады. Мұнда ауылдардағы мұғалімдердің жағдайы *«шарасыздан шалға тиіп»* көңілі қаламаса да, мәжбүрлі түрде бір шешімге бару. *«Балық жоқта бақа балық»* таңдау болмаған жағдайда, барға разы болу. *«Алдымен мектеп үйі керек»* атты мақаласында *«тоңға желіндетіп, мұзға бұзаулатып»* атты мақалды қолданады. 1925 жылы *«Су туралы әңгімелер»* мақаласында *«жүрген аяққа жөргем ілінеді»* атты мәтелді пайдаланса, *«Диалектикалық затшылдық»* еңбегінде *«құл жиылып бас бола алмайды»* дейді.

Зерттеушінің 1926 жылғы «Дүниенің құрылысы» атты еңбегінде «Әкеңнің өлгенін жасырдың, көмгенде қайтесің» деген мақалды өте дұрыс қолдана біледі. Әлихан Бөкейхан балаларға тартуға байланысты «Ақымақ қасқыр» атты мақаласында «құдай құлын өлтірсін бе!» деген мақалды пайдаланады. «Денсаулық сақтықта» атты еңбегінде қазақ ауылының баспанасын сынай келе үйдегі ауа қой-қорадағы ауаға баспа-бас айырбас деп «Қылидың көзі соқыр», «қысқа жіп көрмеуге келмейді» атты мақалды келтіреді. Осы еңбегінде халықтың өзі денсаулығына дұрыс қарамаса бүкіл елге дәрігерлер жетпейді деп ескертеді.

Құн төлеу мен ұры тыю: Әлихан Бөкейхан ұры тыю мен бас қосу турасында бірнеше сериялық мақалалар жазды. Сол мақалаларға қазақтың мақал-мәтелдерін қосып әрлендіріп отырды. Ұры тыю мен халықтың бас қосып ұрлыққа қарсы күресу керек екенін баспасөз арқылы ескертті. Зерттеуші бұл мақалаларын көбіне «Қазақ» газетіне XX ғасырдың алғашқы ширегінде жазды. 1913 жылғы «Қазақ» газетінің №44 санында бас қосу, ұрлыққа қарсы «Қыр баласы» деген лақап атпен «Ұры тыю» [15] еңбегінде «ұрлық түбі қорлық», «заманың түлкі болса тазы болып шалып қал», «күн шыққанша қарау, көзді соқыр қылар» дегенді бір мақалаға қатар қолданады. Осы еңбекте ұрлыққа халық бәйге беріп отыр. Бұл халық қолдап, бәйге мен бата беріп отырған ұрлық жақын арада ел арасынан кетпейтінін айтады. Ал, «заманың түлкі болса, тазы болып шалып қал» дегені – өмір сүріп отырған қоғамың қу, айлакер болса, сен де соған сай ақылды болып, әрекет ету керек. «Тозған рәсім азап» атты мақаласында құн алып, құн берсе, ру қорығаннан айырады. Рудың кегін бер деп алушы еді. Енді құл күнге құн алу да «тозған рәсім азап» басқа не дәлел бар? - дейді. Осы мақалада «тамшы тас теседі» деген мәтелді де қолданады. Бұл әрбір адам өзі жалғызбын, өзім ғана демей, еңбектенсе көп нәрсе жасауға болатынын халыққа жеткізеді.

Жер мәселесіне қатысты: Әлихан Бөкейхан өз еңбектерінде жерге, жер мәселесіне қатысты өте көп тоқталған. Қазақ үшін ең басты мәселе жер, жер және тағы да жер деуі бекерден емес. 1908 жылы Омбыдан шығатын «Сибирские вопросы» журналына V (V Әлихан Бөкейханның бүркеншік есімі – Н.Қ.) деген бүркеншік есімімен «Русскія поселенія въ глубине степного края» (мақаланы түп нұсқа бойынша беріп отырмыз) жерге қатысты мақала жариялайды. Сонда Әлихан Бөкейхан «күн жасуса, нұр жаяды», «көппен көрген ұлы той», «көп жүрген жыланның аяғы көрінеді» деген мақал-мәтелдерді қолданады. Енді осыларға қысқаша тоқталсақ. Бірінші мақалдың мәні – жақсылықтан тек жақсылық туады, шапағат таратады. Екінші, барлық халықпен, бастан өткерген жағдай, ауыртпалығы сезілмейтін ортақ қуаныш. Мақалдардан аңғарғанымыз қандай жағдай болса да әрбір адам (тұлға) халықпен бірге боламыз дегені. 1915 жылы «Қазақ» газетіне «Башқұрт жері» атты мақаласын «Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда» деп бастайды [16]. Осы мақалға қарап қазақ еліне башқұртқа ұқсап өзгеге жерін жалға беріп, одан қайтып ала-алмай дүдәмал күйге түскен ұлтты қазаққа мысал етеді. Бұдан аңғаруға болатын нәрсе ешқашан өз жерімізді өзге ұлттың адамына жалға да, сатып та бермеу керектігінде. «Астрахан қазағының жері» деген мақала басады. Онда «Заманына қарай амалы» деген мәтелді келтіреді. Бұл жерде зерттеуші қазақ жерінің біртіндеп тарылып бара жатқан жерін айтып тұрған секілді. Ал, «Жер комитеті» атты мақаласында «өлеңші болсаң міні той» деген мақалды қолданады. Бұл жерде қазақ, бурят, башқұрт халықтары жергілікті комитетке жер туралы мәселелерін айтып қалмақшы деп осы мақалды қолданады. Мақаланың жазылу уақытына қарап патшалық билік тақтан құлап, бүкіл Кеңестер одағындағы халықтарға жерге қатысты арыздарың бар ма дегенде жазылған мақала. «Үшінші дума һәм қазақ» деген көлемді мақаласында енді Түркістанда қазақ жерін алғанда закон деп алады. «Әлі жеткен алып та жығады, шалып та жығады» деп сөз ыңғайына қарай осы мақалды өте сәтті қолдана біледі. Енді мақалға тоқталсақ шамасы келетін қара күшпен де, айламен де жеңеді дегенге саяды.

Алым-салыққа байланысты: Қазақтан алынатын (жиналатын) алым-салыққа байланысты бірнеше мақала жазған. Бірақ, олардың барлығына мақал-мәтелдер пайдалана бермеген. 1889

жылы «Дала уәлаяты» газетінің №50 санына «Хат баспаханаға» деген мақала жариялайды [17]. Бұл мақала дәл осы елден жиналатын алым-салыққа қатысты болатын. Осы мақалада қазақтың екі мақалын қатар қолданады. Олар: *«Мысыққа ойын керек, тышқанға өлім керек»*, *«нені ексең соны орасың»* деген. Бұл жерде салық жинайтын патша ағзамның шабармандарына ойын керек болса, қарапайым шаруаларға өмір керек екенін осы мақал арқылы дәл жеткізіп отыр. Жалпы, мақал біреуге ойын, ермек болып көрінген іс, екінші біреу үшін өте маңызды мәселе болуы мүмкін. Ал, нені ексең соны орасың дегені - көктемде шаруа не ексе, күзде содан өнім алып, қалған бөлігін салыққа төлейтінін ескертіп отыр.

Аудармаға қатысты: Әлихан Бөкейхан қоғамдық-саяси қызметімен қатар, ғылыми-зерттеу және аудармамен де жүйелі түрде айналысқан тұлға. Еуропа мен орыс қаламгерлерінің бірнеше еңбектерін аударып тәржімеледі. Осы аударған еңбектері оқырманға түсінікті болуы үшін, оған қазақ халқының бірнеше мақал-мәтелдерін қосты. Әлихан Бөкейхан аударма мен тәржімге қолданған қазақтың мақал-мәтелдеріне тоқталсақ. 1915 жылы «Қазақ» газетінің №97 санында «Қыр баласы» деген лақап атпен «Пайғамбарға хат» Ескі Қырым сөзінен тәржіме атты мақаласында *«дөңгелек қайрақ, кім айналдыра білсе, соған қол»* деген мақалды қолданады. Мұнда Қырым татарларының өмірін бір ауыз қазақ мақалына сыйғызып отыр. Орыс жазушысы Л. Толстойдың «Қажымұрат» еңбегін аударарды. Осы тәржімге мына *«алыспен жақынды жортқан біледі, ащы мен тәттіні татқан біледі»* деген мақалды қолданады. Мағынасы – өмірдің құндылығын, шынайы мәнін, айырмашылығын бастан өткерген адам ғана түсінеді. Әйел теңдігі мәселесі бойынша Мопассаннан аударған «Жарасын алдырған ана» атты аудармасында ерлер мен әйелдердің тұрмыс жағдайын салыстырады. Онда: Ер атқа мініп ел қыдырып, қымыз ішіп, той тойлап, ойын-күлкіге қарық болады. Әйел тұрмысқа шыққан соң ұмытып кетеді, күлуден қалады: *«қыз күнінде қыздардың бәрі жақсы, ойбай-ау! Жаман қатын қайдан болады?»* осыдан келеді дейді [18]. Мұнда қазақтың ер адамдарының әйелдеріне қажетті деңгейде көңіл бөлмейтінін аңғартады. Егер ер әйеліне жақсы көңіл бөліп, өз жарымен жылы шырайда қарым-қатынас жасай алса, мұндай мәселелер халық арасында қазір де азаяр еді. Ал, Карл Маркс пен Фридрих Энгельстің «Коммунистік жар» еңбегі. Осы еңбекте жұмысшылардың мәселесін қозғай келе *«ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп»* дейді. Бұл мақалдың мағынасы татулық пен ауызбіршілік бар жерде береке болады. 1926 жылы Мәскеуде тұрғанда «Күншығыс» баспасынан Т.Тутковскийдің «Жердің қысқаша тарихы» атты еңбегін аударып «Қыр баласы» деген лақап атпен жарыққа шығарған болатын. Осы еңбекке *«ат аунаған жерде түк қалады»* деген қазақтың мақалын тақырып етіп алады. 1927 жылы Әлихан Бөкейхан Қызылордадан шығатын «Жаңа мектеп» журналының №3-4 сандарына өзінің «V» есімді лақап атымен Бухариннен аударып «Тарихи затшылдық қисыны» деген еңбекті қалың жұртшылыққа ұсынады. Осы мақалада: Я болмаса Мәскеудің осы күнгі Қызыл алаңында *«сұлу әйелдердің қабақ-қасына қарап»* соғысып жатқан орта ғасырлардың батырларын көріп те болмайды. *«Басқа заман тұлкісі, басқа заман тазысы», «заманына қарай амалы»* және *«мәдениеттің көлемі тұтынған сабынмен өлшенеді»* [19] – деп жазады. Бір аудармада қазақтың бірнеше мақал-мәтелін қосып аударып отыр. Аударманың барлығын тек түп нұсқа күйінде ұсынбай, қазақ тіліне негіздеп жазған. Бұл әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпайтын мәселе. Өзге халықтардың еңбектерін түпнұсқа күйінде ұсынбай оларға қазақы ұлттық құндылықтар қосып, тәпсірлеп (интерпретациялап) ұсынса дұрыс.

Билікке қатысты: Әлихан Бөкейхан билікке қатысты бірнеше еңбектер жазды. Солардың бірнешеуіне қазақтың мақал-мәтелдерін қолдана білді. 1913 жылғы «Қазақ» газетінің №28 санына «Қыр баласы» деген лақап атпен «Монғол конституциясы» атты мақаласы жарық көрді. Осы еңбегінде *«Құдай қарғайын десе, ақылды алады»* деген мақалды қолданды. Бұл адамның басты байлығы – ақыл. Дүние-мүлік пен мансаптан ақылдың абыройы жоғары. Яғни, ақылдан айырылу – ең үлкен трагедия. Билікке қатысты жазған «Би һәм билік» мақаласында

«Міне, Англия билігіне қарасақ, бұлардың әділдігі жазып шығарған закон арқылы емес жұрт ресімі арқылы болған. *«Ат сыры – иесіне мәлім»*. Біз Англия емеспіз-ау! Бізге Государственни (мемлекеттік) Дума арқылы шығарған закон керек» дейді [20]. Аталған екі мақалда еуропа жұртының қабылдаған құқықтық нормалары орындалады, ал біздікі декларативті сипатта қалып, практикалық деңгейде орындалмай қалады. Бірақ, бізге Мемлекеттік дума шығарған әділ заң қажет дейді. Осы мақаласында *«жауды аттанып шапқан түсірмейтін, үндемей шапқан түсіретін»* деген мақалды қолданады. Мұнда кез-келген заң жобасын дабыра қылып бүкіл елді дүрліктірмей, асықпай, шу шығармай тындыру керек екенін жазады. «Қазақ» газетінің 1914 жылғы №50 санында «Тағы да би һәм билік» атты мақаласы басылады. Осында *«соқырмен жолдас болсаң, көзіңді қысып жүр»* деген мақалды өте сәтті сөйлете біледі. 1917 жылы патша тақтан құлап, билікке коммунистер келе бастаған кезде «Алаш ұлына» ашық хат жазады. Хат мәтіні «Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бүгін теңелдік. Қам көңілде қаяудай арман қалған жоқ» [21] дейді. Осы қуанышты сәтте қазақ халқына қарата *«жамандықты ұмыт, жақсылықты ұмытпа»* деген мынадай нақыл бар деп жазады. Бұл жерде ғалым бүкіл қайғы – мұң артта қалды, енді алдымызда тек жақсылық, қуаныш болады деп сүйіншілеп отыр.

Әйел теңдігі: Әлихан Бөкейхан әйел теңдігіне қатысты бірнеше мақала жазған. Соның бірі М. Дулатовтың қазақ тарихындағы тұңғыш романы «Бақытсыз жамал» еңбегіне сын пікірі. Қазақ тарихында жазылған ең алғашқы үш роман да әйел теңдігін көтерген шығармалар болатын. 1921 жылы Ташкенттен шығатын «Ақ жол» газетіне «Әйел теңдігі» деген Әулиеата съезіндегі қазақ қызының мәселесін көтеріп мақала басады. Бұл мақалада *«Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа»* деген мақалды санадан шығарып, қыз балаларына теңдік көзбен қарау керек екенін жазады. 1923 жылы Мәскеуден шығатын «Темірқазық» журналының нөмірі 2-3 сандарында «Пайғамбарға хат» деген Ескі Қырым сөзінен әйел теңдігіне қатысты аударма жасайды [22]. Онда халық *«Дөңгелек қайрақ, кім айналдырса, соған құл»* – дейді. Бұдан аңғарғанымыз кімде мол қаражат, байлық болса, сол жақсы өмір сүреді дегенді меңзеп тұрған секілді.

Жеке тұлғаларға қатысты: Әлихан Бөкейхан өз еңбектерінде жеке тұлғаларға өте көп тоқталған. Онда әрбір жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттеріне, ғылымға сіңірген еңбектеріне, ел басқарған азаматтарға жан-жақты тоқталып, сипаттама берген. Кейбір тұлғаларға бірнеше сериялық мақалалар арнаған. 1905 жылы қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының өмірден озғанына бір жыл толуына орай Семейден шығатын «Семипалатинский листок» газетіне «Абай Құнанбаев некролог» - [23] деп арнайы мақала жазады. Мақалада Қонтайдың *«жазыла-жазыла, қожамоллалардан да ұят болды – енді өлмесе болмас»* және ел арасындағы молдаларға қатысты *«аңқау елге – арамза молла»* деген екі сөзін келтіреді. Алғашқы сөзді Қонтайға көңілін қайта-қайта сұрап келген молдаға қаратып айтқан әзіл шыны аралас Қонтайдың өз сөзі. Ал, екіншісі өзі өмір сүріп отырған ортадағы молдалардың іс-әрекетіне көңілі толмағасын айтқан секілді. Әлихан Бөкейхан Германияның патшасы Вилгелім II-ші туралы «Судия Берлинде тағы» деген мақала жазады. Онда Германия патшасын ешқашан заңнан аттамайтын *«ер жігіт, қыз мінезді, бала жүректегі»* деп баға береді. Өзі заңнан аттап кетсе, халқынан заң шығарушы органдарынан кешірім сұрайтынын жазады. Белгілі этнограф «Григорий Николаевич Потанин» туралы екі мақала жазады. Соның алғашқысында мына екі мақалды қолданады: *«Аспанда екі ақ бозат ерттеулі, темірқазық жұлдызына арқандаулы»* және *«екі ақбоз атты аңдыған жеті ұры»* деп жазады. Осы «Ақбозат» пен «Жеті қарақшы» туралы қазақ арасында бірнеше қиял-ғажайып аңыздар мен әпсаналар айтылады. Абақтыға жазықсыз қамалған тұлғаларға қатысты «Ұят-ай» деген мақала жазады. Осы мақалада *«хайуанда ұят жоқ, адам ұятты»* деп, түрмеге қамап отырған қоғамды сөгеді. Әлихан Бөкейхан Қырым татарларының және бүкіл мұсылман жұртының көрнекті өкілі И. Гаспринский туралы 1914 жылғы «Қазақ» газетіне «Исмайыл бек Гаспринский» (Офатынан соң) атты мақаласын жазады. Зерттеуші жәдидшілдіктің негізін салушы бүкіл түркі жұртының

жарық жұлдызы Гаспринскийді шын көңілден жоқтай отырып, оның өмірі мен шығармашылығына біршама сипаттама береді. Осы мақалада «Алтынның қолда барда қадірі жоқ», «*Һәр кім өзі шыққан төбесі биік болғанын тілейді*», «*атаңа кім тисе, дұшпаның сол*» деген үш бірдей мақал-мәтелді келтіреді. Адам өзінде бар байлық пен денсаулық, жақсылықтың бағасын көбіне қолынан жіберіп алғанда ғана түсінеді. Ал, әркім өзінің жасаған еңбегінің соңында жақсы нәтиже беріп, биікке шыққанын қалайды. 1915 жылы П.Трубетскойдың Ыстамбұлды алу туралы «Трубетской лексиясы» атты қиял-ғажайып ойларын жазады. Трубетской Афины газеттері Ыстамбұлды аламыз, ол бізден қалған деп шауып жүр дей келе, гректің мұнысы «*ит табаны қышыса, керуенге үреді*» деп жазады. Трубетской қанша жерден гректерге болысқанымен түріктер Ыстамбұлды бере салмайтынын жазады.

Орыс халқының мақалдары: Өз еңбектерінде тек қазақ халқының ғана емес орыс, француз, грек халқының мақал-мәтелдерін де ой-пікірлерін анық жеткізуге қолданады. Осының ішінде орыс халқының мақалы көптеп кездеседі. Сондықтан, бірінші орыс мақалынан бастасақ. Әлихан Бөкейхан «Қазақ» газетіне егін жері туралы жазылған «Айналма» атты еңбегінде орыс халқының «*Заң – арба жетегі, қалай қарай бұрсақ, сол жақта болады*» мақалын өте дұрыс сөйлете алады. Оқу-білімге қатысты жазылған «Мұғалімдер жиылысы» атты мақаласында орыс халқының «*жұрттан жиган жіп-жалаңашқа көйлек*» деген мақалын келтіреді. Бұл көптің көмегі – мұқтаждарға демеу. Елдегі мұғалімдер жағдайына байланысты «Екі съезд» атты еңбегінде орыс халқының «*әр жеміс өз кезінде*» атты мақалын қолданады. Халық арасындағы ұрлыққа қарсы «Ұры тыю, бас қосу» турасында жазылған мақаласында біреуге телмірген адамнан, халықтан қосақ түрткен жетім лақ бақытты. «*Күн шыққаниша қарау, көзді соқыр қылар*» деген, телмірген жұртқа шығарған орыстың мақалын келтіреді. 1926 жылы Қызылордадан шығатын «Жаңа мектеп» журналының №5 санына оқу-білімге қатысты «Оқытушының білімін толықтыру» атты мақала басады. Осы мақалада «*атты қамшымен айдама, арпамен айда*» дейтін орыс мақалы бар.

Бұл жерде мектеп мұғалімін әртүрлі шараларға салып шаршатпай, бидай мен арпаны көмек ретінде ұстаздарға беріп, олардың әл-ауқатын арттыру керек. Ол кезеңде бидай мен арпа құнды болатын. Әлихан Бөкейханның жерге қатысты жазылған «Он төрт тоғыз бола ма?» атты еңбегінде «*борыш көркі төлеу*» деген орыс мақалы келтіреді.

Француз халқының мақалы: Әлихан Бөкейханның «Он төрт тоғыз бола ма?» атты үлкен мақаласында орыс мақалымен қоса француз жұртының «*астары мен үсті бірдей болсын*» деген мақалын қолданады. Бұл, айтылған сөзің мен жасаған еңбегің бір жерден табылсын дегенге саяды.

Грек халқының мақалы: Оқу-білімге қатысты «Физикалық жағырафия» атты еңбегінде грек халқының «*білім анасы – жаттау*» деген мақалын қолданады. Дәл осы мақалға өзінің көңілі толмай, «*білім анасы жаттау*» емес «*білім анасы оқу*» деп түзетеді. Бұл дұрыс түзету секілді.

Өз жанынан шығарған мақал-мәтелдері: Әлихан Бөкейхан өзінің жанынан бірнеше мақал-мәтелдер шығарған. Солардың бірнешеуіне тоқталсақ. Әлихан Бөкейхан «Қ. Оязындағы моллалардың баяны» атты мақаласында «*қырда кім болса да, сол молла болады*» дейді. Бұл жерде кез-келген адам я қазақ, я ноғай, я татар немесе сарт болсын, діни сауаты шамалы ғана болса, «*аңқау елге арамза молла*» болып жүре береді дегенді меңзейді. Халықтың кейбір істеріне көңілі толмай айтқан мына сөздеріне тоқталсақ: Жүз түйені бір бұралқы ит құрығына тіркесе, осы ит Ташкент барса, жүз түйе соның жетегінде кетеді. Итте не жаза бар, түйенің жетекшілігі емес пе? «*өзің түйеден жетекшіл болсаң, саған не ақыл керек?*» Ашылып ақыл жазатын қалам бар ма? *Көкіректе сайрап тұр, қолымды заман байлап тұр*» дейді [24]. Бұл жерде ғалым болашақ ұрпақ үшін бірнеше құнды дүниелер жазғысы келетінін, бірақ оған айналасындағы қоғам мен билік мұрша бермей тұрғанын айтқан секілді.

1918 жылы татар тілінде Семейден шығатын «Халық сөзі» газеті қазақтардың 1917 жылы не бітіргені туралы сыни мақала басады. Осыған орай Алаш партиясының төрағасы «Қалай бірігіміз» деген жауап мақала жазады. Мұнда бұл газеттің «*буынсыз жерге пышақ қойып, «Алаш орданы» кінәлағанын, әлеуметтің атынан түсіндіруді өзіме парыз деп білдім*» [25] дейді. Бұл жерде татар тұлғаларының қазақ зиялыларын сынап жазуы көп нәрсені аңғартады. Яғни, 1917 жылы Әлихан Бөкейхан бастаған қазақ тұлғалары Алаш партиясын құрып, оның бағдарламасын бекітті. Осыны татар тұлғалары іштей қызғанды немесе орыс билігінің араласуымен қазақ зиялыларын әдейі сынап отырған секілді. Әлихан Бөкейхан өте талантты аудармашы да, соның бірі «Астрономия әліпбиі» (Жердің жүрісі) атты еңбегінде «*жер ұршықтай өзінен өзі айналады. Жер айналғанда ортасындағы ұршықтың сабы, арбаның дөңгелегінің білегі секілді, жердің домалағын дәл ортасынан түйреп тұрған сызықтан айналады*» деп, бүкіл оқырманға қазақтың әдемі этнографиялық сөзімен түсіндіріп береді. Айға қатысты «*ай жерден – қазығынан айналған аттай – бір айналады*» дейді. Әлихан Бөкейхан айтқан нақыл сөздер қазіргі таңда мақал-мәтелге айналып кетіп жатқаны шындық. Мақал-мәтелге айналу себебі халықтың көңілінен шыққанынан болар. Біз мақал-мәтелге айналып кеткен сөздерінің барлығын қамти алмаймыз. Әр нақыл сөзін теріп жазғанда бір тараушаны алады. Зерттеуші Сүлейменова: «Қазақ мақал-мәтелдері – ұлттық танымның маңызды көрінісі және оның философиялық мәнін түсінудің кілті. Мақал-мәтелдер мәдениеттің жалпы сипатын айқындап қана қоймай, сол мәдениеттің негізгі ақпаратын жинайды, сақтайды және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді [26]» деп түйіндейді. Біз осыған қарап Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі мақал-мәтелдер ұрпақтан-ұрпаққа жетеді деп ойлаймыз.

Зерттеудің жаңалығы

Әлихан Бөкейханның еңбектеріндегі мақал-мәтелдер азды-көпті жинақталды. Қолданған мақал-мәтелдердің тақырыптық классификациясы және құрылымы біршама айқындалды. Мақал-мәтелдер танымдық, публицистикасы, функционалдық, салыстырмалы және ғылыми негізде қаралды. Ал, Әлихан Бөкейханның өзінің айтқан сөздері халықтың арасында мәтелге айналып кеткен. Әлихан Бөкейханның «Ұлтқа қызмет ету, білімнен емес, мінезден», «тірі болсам қазаққа қызмет етпей қоймаймын». Бұл сөздер қазіргі таңда халықтың арасында кең таралып, мәтелге айналып кетті. Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі мақал-мәтелдерге қарап, оның қазақ этнофольклорын өте жетік меңгергенін білдік.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, мақал-мәтелдер Әлихан Бөкейхан еңбектерімен біте қайнасып кеткен тақырып. Әлихан Бөкейхан мақал-мәтелдерді жинастырып, бір жинақ етіп баспадан шығармады. Тек өз еңбектерінде мақал-мәтелді әртүрлі тақырыптық контексте қолданған. Әлихан Бөкейхан өз еңбектерінде 160-тан аса мақал-мәтелді (Н.Қ.) қолданған. 160 аса мақал-мәтелдің қолданылуы ғалымның қазақ фольклорын терең меңгергенін аңғартады. Жалпы, алдағы уақытта Әлихан Бөкейханның архивтерден ғылыми айналымға енген еңбектері табылып жатса, бұл тізім әлі де артады. Зерттеу барысына біз осылардың біршамасына шамамыз келгенше тоқталып өттік. Кейбір мақала атауларына дәл осы мақал-мәтелдерді тікелей тақырып етіп алған. Әлихан Бөкейхан неге қазақтың мақал-мәтелдерін қолданды дегенге келетін болсақ, бұл мақал-мәтелдерде қазақтың талай асыл сөздері бар екенін білді. Ол сөздер мақала ішінде айтатын сөзді дәл жеткізу, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні болды. Мысалы, тарихқа қатысты мақалында «*халық ұйғарса – хан түйесін сояды*» дейді. Бұл тура осы тарих тақырыбын сөйлетіп тұр. Мал шаруашылығына қатысты жазылған мына мақалы «*Көше берсең мал семіз, көшпесең – қатын семіз*» дейді. Бұл мақал кешпелі қоғамның айна қатесіз көрінісі. Әйел теңдігіне қатысты еңбектерінде осы кезге дейін халықтың арасында тоң болып сіңіп қалған «*әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа*» деген мақалды санадан шығарып, қыз балаларына теңдік көзбен қарау керек екенін жазады. Мақал-мәтелдердің біршама бөлігі зерттеуші қозғап отырған тақырыптардан қандай ой айтатынынан хабар беріп тұр. Әлихан

Бөкейхан кей жерлерде бір мақалды бірнеше мәрте қолданған. Кейде сол мақалдың өзін сәл түрлендіріп бірнеше жерге қолданады. Мысалы: «қолағаш мықты болса, киіз қазық жерге кіреді», «қолағашы мүфти болса, киіз қазық жерге кірер», «қолағашы мықты болса, киіз қадақ жерге кірер» дейді. Бұған қарағанда, бір мақалды бірнеше формаға келтіріп сөйлете білген. Әлихан Бөкейхан қазақ мақал-мәтелдерін сөйлете отырып, халықтың тұрмыс - тіршілігін көрсетуге тырысады. Әрбір мақалада қолданған мақал-мәтелдер сол кезеңнің тұрмыс-тіршілігінен хабар береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сабасова Г. «Қазақ және түрік тілдеріндегі ақшаға қатысты мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипаты» ЕҰУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы. - Алматы: 2012. - 104-108 бб.
2. Құрманбайұлы Ш., Әлімбек Г. Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі мақал-мәтел қолданысы. Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – Астана: 2025. №3 43-64 бб.
3. Махат Д. Мақал-мәтелдер – қазақ тарихының дерек көзі // Әл-Фараби ҚҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы – Алматы: 2019. – №2 (93). - 192-198 бб.
4. Адамбаев Б. Қазақ халық әдебиеті: мақал-мәтелдер. – Алматы: Ғылым, 1996. – 527 б.
5. Баржақсин А. Мақалдар // Қазақ газеті. - Орынбор: 1915ж. №120, 18 сәуір.
6. Мақал-мәтел // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі: энциклоп. / құраст. Н. Әлімбай. – Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. – Т. 4. – 261 б.
7. Жұмағұл С.Б., Шалғынбекова А.Б., Жұмағұл А.Б. Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі мақал-мәтелдер: этно-социофольклортану аспектісіндегі талдау. Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – Астана: 2023. №1 191-200 бб.
8. Букейхановъ А. Казахи. Формы национального движения в современных государствах. Петербург: 1910 г. с. 577-600.
9. Түрік баласы. Қазақ тарихы. Сөз басы // Қазақ газеті. - Орынбор: 1913. – №2.
10. V. Тарих керек // Қызыл Қазақстан журналы. – Орынбор: 1922. №10. 6-10 бб.
11. Букейхановъ А. Общій очерк Омского уезда. // Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и обработанные экспедицией по исследованию степныхъ областей. Омский уезд. Акмолинская область. Т. 11. 1–75 стр. - Омск: Типографія штаба Сибирского военного округа. 1902 г.
12. Букейхановъ А. Н. Овцеводство въ Степномъ крае. //Швецовъ, С.П.(ред.). Материалы по экономическому обследованію райононь Сибирской железной дороги, томъ I, выпуск №I, Животноводство. - Томскъ.1904 г.
13. Ә.Н. Қарқаралы оязының Тоқырауын болысы, Қотан-бұлақ, западни Балқаш елдеріндегі егіннің жайы // Дала уалаятының газеті. – Омбы: 1889. – №41.
14. Бөкейхан Ә. Шығармалары. – Астана: «Алашорда» ҚҚ, 2018. – Т. 9. – 560 б.
15. Қыр баласы. Ұры тыю //Қазақ газеті. - Орынбор: 1913. № 44.
16. Қыр баласы. Баиқұрд жері (Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда!). //Қазақ газеті. - Орынбор. 1915. № 147.
17. Қыр баласы. Хат баспаханаға // Дала уалаятының газеті. - Омбы: 1889. №50.
18. Қыр баласы. Ги де Мопассан аударған. Жарасын алдырған ана. Жаңа мектеп. (Новая школа) - Қызылорда: 1925. №4.
19. V (V. лақап есім - Әлихан Бөкейхан) Н.И. Бухаринен аударма. Тарихи затишылдық қисыны. Жаңа мектеп. (Новая школа) - Қызылорда: 1927. №3-4.
20. Қыр баласы. Би һәм билік //«Қазақ». - Орынбор: 1914. № 48.
21. Бөкейхан Ә., Шоқай М., Дулатұлы М. «Алаш ұлына» (Ашық хат) // Қазақ, - Орынбор. 1917. № 225,

22. Қыр баласы. «Пайғамбарға хат» (Ескі Қырым сөзінен аударма). // Темірқазық. – Москва: 1923. № 2-3, 104-106 бб.
23. Букейханов А. Абай (Ибрахим) Кунанбаев (некролог). «Семипалатинский листок» - Семипалатинск: 1905. № 250-252, 25-27 октября.
24. Ә.Н. (Әлихан Бөкейхан) Қ. оязының молласының баяны. //Дала уалаятының газеті. - Омбы: 12.05.1889. № 19,
25. Әлихан Бөкейхан. Қалай біріземіз? // Жас азамат. – Петропавл: 1918. № 21.
26. Сулейманова Э.Б., Рахметова Р.С., Қазақ мақал-мәтелдерінің заманауи коммуникациядағы маңызы: ұлттық құндылықтар мен философиялық мәні. Әл-Фараби атындағы ҚҰҰ., Филология сериясы. - Алматы: 2024. №4, (196) 144-155 бб.

References:

1. Sabasova G. «Qazaq zhane turik tilderindegi aqshaga qatysty maqal-matelderdin etnolingvistikalyq sıpaty» (Ethnolinguistic nature of Proverbs and sayings about money in the Kazakh and Turkish languages) EUV Habarshysy. Shygystanu seriasy. – Almaty: 2012. 104-108 bb. [in Kazakh]
2. Qurmanbaiuly Sh., Alimbek G. Alihan Bokeihan enbekterindegi maqal-matel qoldanysy. (The use of Proverbs and sayings in the works of Alikhan Bukeikhan) Eurazia gumanitarylyq institutynyn habarshysy. – Astana: 2025. №3 43-64 bb. [in Kazakh]
3. Mahat D. «Maqal-Matel – qazaq tarihnyn derek kozi» (Proverbs-source of Kazakh history) // Al-Farabi QUV Habarshysy. Tarih seriasy. – Almaty: 2019. – №2 (93). 192-198 bb. [in Kazakh]
4. Adambaev B. Qazaq halyh adebieti: mahal-matelder. (Kazakh folk literature: proverbs and sayings) – Almaty: Gylım, 1996. 527 b. [in Kazakh]
5. Barzhaksin A. Maqaldar. (Proverbs) // Qazaq gazeti. – Orynbor: 1915j. №120, 18 saur. [in Kazakh]
6. Mahal-Matel // Qazaqtyn etnografialyq kategorialar, ugymdar men ataularynyn dasturli zhuiesi: ensiklop. (Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names: encyclopedia) / qurast. N. Alimbay. – Almaty: TOO «Alem Damu Integrasiya», 2017. – T. – 261 b. [in Kazakh]
7. Zhmagul S.B., Şalgynbekova A.B., Jumagul A.B. Alihan Bokeihan enbekterindegi maqal-matelder: etno-sosiofolklortanu aspektisindegi taldaу. Eurazia gumanitarylyq institutynyn habarshysy. (Proverbs and sayings in the works of Alikhan Bukeikhan: analysis in the aspect of ethno-socioeconomic studies) – Astana: 2023. №1 191-200 bb. [in Kazakh]
8. Bukeihanov A. Qazaqi. Formy nacionalnogo dvezhenia v sovremennnyh gosudarstvah. – Peterburg: (Kazakhs. Forms of national movement in modern states) 1910 g. s. 577-600. [in Russian]
9. Turik balasy. Qazaq tarihy. Soz basy (Kazakh history. Word head) // Qazaq. – Orynbor: 1913. – №2. [in Kazakh]
10. V. (V. Laqap at. Alihan Bokeihan) Tarih kerek (History must) // Qyzyl Qazaqstan zhurnaly. – Orynbor: 1922. – №10. – 6-10 bb. [in Kazakh]
11. Bukeihanov A. Obchyi ocherk Omskogo uezda. (General outline of the Omsk district) // Materialy po kirgizskomu zemlepolzovaniyu, sobrannye i obrabotannye ekspedisei po issledovaniyu stepnyh oblastey. Omskiy uezd. Akmolinskaya oblast. T. 11. 1-75 str. – Omsk: Tipografiya shtaba Sibirskogo voennogo okruga. 1902 g. [in Russian]
12. Bukeihanov A.H. Ovsevodstva v Steptom krae. (Sheep breeding in the Steppe region) // Shvesov, C.P. (red). Materialy po ekonomicheskomu obsledovaniyu raionov Sibirskogo zheleznoidorogi, tom I, vypusk № I, Zhivodovodstvo. – Tomsk: 1904 g. [in Russian]
13. A.N. Qarqaraly oiazynyn Toqyraуyn bolysy, Qotan-bulaq, zapadni Balhash elderindegi eginnin zhayy (State of crops in Karkaraly Oyazyn Toktauyn volost, Kotan-Bulak, Zapadni Balkhash) // Dala ualayatynyn gazeti. – Omby: 1889. – №41. [in Kazakh]

14. Bokeihan A. Shygarmalary. (Works) – Astana: «Alashorda» QQ, 2018. – T. 9. -560 b. [in Kazakh]
15. Qyr balasy. Ury tyiu. (Stop the thief) // Qazaq. – Orynbor: 1913 j. № 44. [in Kazakh]
16. Qyr balasy. Bashurd zheri. (Bashkir land) (Qyzym, sagan aitam, kelinim, sen tynda) // «Qazaq» gaz, - Orynbor: 1915 j. № 147. [in Kazakh]
17. Qyr balasy. Hat baspahanaga. (Letter to the printing house) // Dala ualayatynyn gazetі. – Omby: - 1889. № 50. [in Kazakh]
18. Qyr balasy. Gі de Mopassan audargan. (Translated by Guy de Maupassant. The wounded mother) Jarasyn aldyrgan ana. Jana mektep. (Novaia shkola) Qyzylorda: 1925. №4. [in Kazakh]
19. V (V. laqap esim - Alihan Bokeihan) N.I. Buharinen audarma. Tarihi zatshyldyq qisyny. (Translation by N. I. Bukharinen). (The logic of historical materialism). Jana mektep. (Novaia shkola) Qyzylorda: 1927. №3-4. [in Kazakh]
20. Qyr balasy. Bı ham bilik // (Dance and power) «Qazaq», - Orynbor: № 48. 1914 j. [in Kazakh]
21. Bokeihan A., Shoqauly M., Dulatuly M. Alash ulyna (Ashyq hat), ("To the son of Alash" Open letter) // Qazaq. – Orynbor: 1917 j. № 225. [in Kazakh]
22. Qyr balasy. «Paigambarga hat» (Eski Qyrym sozinen audarma). ("Letter to the Prophet" (Translation from the old Crimean word)) // Temirqazyq. – Moskva: 1923 j. № 2-3, 104-106 bb. [in Kazakh]
23. Bukeihanov A. Abai (Ibrahim) Kunanbaev (nekrolog). (Abay (Ibrahim) Kunanbayev (obituary)) «Semipalatınsku listok» - Semipalatınsk: 1905 g. № 250-252. 25-27 oktiabria, [in Russian]
24. A.N. (Alihan Bokeihan) Q. oiazynyn mollasynyñ baiany. (Bayan of K. oyaz's Mullah) //Dala ualaiatynyn gazetі, - Omby: 12.05.1889 j. № 19. [in Kazakh]
25. Alihan Bokeihan. Qalai birigemiz? (How do we unite?) // Jas azamat. - Petropavl: 1918 j. № 21. [in Kazakh]
26. Suleimanova E.B., Rahmetova R.S., Qazaq maqal-máteldерinin zamanauı kommunikatsiadagy manyzy: ulttyq qundylyqtar men filosofıalyq mani. (The importance of Kazakh proverbs in modern communication: national values and philosophical meaning) Al-Farabi atyndagy KUU., Filologıa serıasy. – Almaty: 2024. №4, (196) 144-155 bb. [in Kazakh]

FTAXP/MPHTI/IRSTI 03.20

ӘӨЖ/УДК/UDS 93 (574)

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.89.2.028>

K.K. Kanafin¹, A.O. Rudevskiy^{2*}, G.M. Tokhmetova³

¹*Candidate of Historical Sciences, Innovative University of Eurasia, Republic of Kazakhstan, Pavlodar. e-mail: mercurof@mail.ru*

<https://orcid.org/0009-0006-0015-7069>

²*Master of Pedagogy and Psychology, Innovative University of Eurasia, Republic of Kazakhstan, Pavlodar. e-mail: alex_rudevskiy@mail.ru*

<https://orcid.org/0009-0004-8349-7274>

³*Master of Humanities, Margulan University, Republic of Kazakhstan, Pavlodar. e-mail: tohmet@mail.ru*

<https://orcid.org/0000-0002-7998-377X>

RAIMZHAN MARSEKOV'S WORK IN THE NEWSPAPER "KAZAK" (1913-1918)

Abstract

The article addresses a significant and contemporary issue - the study of the creative legacy of Raimzhan Marsekov. Despite the interest exhibited by the general public, historians, and social scientists in his life and work, the full extent of Marsekov's contributions and his role in the socio-political life of Kazakhstan remains insufficiently explored. His extensive scientific and cultural heritage as a scholar, jurist, and publicist warrants further examination. An analysis of his published scholarly works suggests that the issues he raised in periodicals have not been adequately developed in the academic discourse.

Within the pages of the «Qazaq» newspaper, Marsekov articulated his views on various matters, including land policy, governance, Kazakh literature, and the Kazakh language. The primary objective of his articles was to educate the Kazakh people on pressing issues such as the legally unjust resettlement policies of Tsarist Russia, the double standards in court decisions regarding Kazakhs, the true nature of the judicial system, and a comparative analysis of different governmental systems worldwide. Furthermore, he explored the nature of literature, its historical development among the Kazakhs, and its current state. Marsekov likened literature to a mirror, reflecting the customs and traditions of the people.

In his works, Marsekov was the first to propose a periodization of Kazakh literature, identifying three distinct stages in its evolution. He also emphasized the crucial importance of language, asserting that in order to preserve independence, the Kazakh people must relentlessly pursue education and cultural advancement. He believed that this pursuit should primarily focus on the development of literature in the native Kazakh language.

Keywords: Kazakhstan, «Qazaq» newspaper, land issue, government structure, power, Kazakh language, resettlement management, religion, national liberation movement, court